

Аймақтық жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыру аясында халықтың нысаналы топтарын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша шаралар туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 06 мамырдағы N 114 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 17 маусымда N 5-4-133 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 555 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2010.12.24 N 555 қаулысымен (2011.01.01 бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 5, 8 баптарына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Аймақтық жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыру аясында халықтың нысаналы топтарын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша мынандай жолдармен шаралар қабылдансын (бұдан әрі - Қатысушылар):

- 1) техникалық және кәсіптік, жоғары білім алған түлектер санынан жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастырылсын;
- 2) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылсын.

2. Жұмысқа орналастыру төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылсын :

1) қатысушылардың «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Бөлім) жұмыссыз р е т і н д е т і р к е л у і ;

2) қатысушыларды іріктеу кезеңінде оларға қолайлы жұмыстың болмауы;

3) ж а с ы 2 4 ж а с қ а д е й і н ;

4) ж ұ м ы с м е р з і м і 6 а й ға д е й і н .

3. Жастарды жұмысқа орналастыру меншік түріне тәуелсіз, ұйымдарда (бұдан әрі – Жұмыс беруші) Жұмыс беруші мен Бөлім арасындағы шарттың негізінде

ұйымдастырылады және өткізіледі.

Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрі мен көлемі және жұмысты төлеудің шарттары, қаржыландыру көздері және уақыты көрсетілуі керек.

4. Еңбек жағдайлары, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған, Жұмыс беруші мен жұмысқа қабылданған Қатысушының арасындағы еңбек шарты мен анықталады.

5. Қаулыда көрсетілмеген басқа да шарттар Жұмыс беруші мен Қатысушылардың арасында бекітілген еңбек шартында көрсетіледі.

6. Қатысушылардың еңбегін төлеу республикалық бюджеттен 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшеріндегі қаржыны олардың дербес шотына аудару жолы мен жүзеге асырылады.

7. Жұмыс берушілердің әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған Қатысушылардың еңбек шарттарын төлеуге кеткен шығындарын төлеу республикалық бюджеттен 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде жартылай қайтарылады.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған нысаналы топтар санындағы жұмыссыздардың еңбегін төлеу орындалған жұмыстың қиындығына, сапасына және санына қарай еңбек шартындағы жағдайларға сәйкес Жұмыс берушінің еңбекті төлеу қорынан ай сайын жүзеге асырылады.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы Жұмыс берушілерді іріктеу ресми ұсыныстардың түсуіне байланысты кезек тәртібімен жүргізіледі.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.В. К а н а р м а н о в қ а жүктелсін.

11. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 01 сәуірде туындаған қарым-қатынастарға таратылады.

Риддер қаласының әкімі Д.Ю. Кавригин